

GTAMP:16.31.51

## ОДАҒАЙ ЖӘНЕ ОҚШАУ СӨЗДЕР

С.С. Мұхтаров<sup>[0000-0001-5692-856X]</sup>

Қ.Жұбанов атындағы өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы, Қазақстан

e-mail: fakultet\_prof\_tvor@mail.ru

**Аңдатпа:** Мақалада қазақ тіл біліміндегі ең өзекті, түйіні көп проблемалардың бірі болып табылатын сөз таптастыру мәселесі сөз болады. Сөз таптастыру ілімінің тарихына қысқаша шолу жасалып, бүгінгі күнге дейін басы ашылмай келе жатқан жайт – морфологияның объектісі болып табылатын сөз табы – одағайды синтаксистің объектісі оқшау сөздер аясында қарап, одағай атауымен оқшау сөздердің бір ретінде танып-білудің қайшылық-қателігі сөз таптастыру ілімінің бүгінгі жетістігі тұрғысынан барынша негізделіп, дәлелденген. Қазақ тіл білімінде сөз таптарын зерттеген тілші ғалымдардың сөз таптастыру теориясы бойынша одағайды жеке сөз табы ретінде дәлелдеп шығарғанына қарамастан синтаксистік негізгі оқулықтарда да, жеке еңбектерде де одағай синтаксистік категория ретінде оқшау сөздердің бір түрі болып беріліп келеді және бұл тұжырым күні бүгінге дейін жалғасуда. Бұл, ең алдымен, тіл білімінің морфология және синтаксис салаларының ара жігін ажырата алмауға, мәселені анықтау емес, қайта қиындатуға әкеледі және зерттеуде де, оқыту процесінде де екіұштылыққа соқтырып, нәтижені жоққа шығарады. Автор осы қайшылықты жан-жақты ашып көрсетіп, шешімін негіздеп берген. Мақаланың ең маңызы – осы жаңалығында.

**Түйін сөздер:** Одағай, оқшау сөздер, сөз таптары, морфология, синтаксис, семантика

Қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру мәселесі өзінің бастауын Н.И.Ильминскийдің 1960 жылы жарық көрген «Материалы к изучению киргизского (казахского – С.М.) наречия» атты еңбегінен бастау алады. Жалпы, XIX ғасырдың II жартысы қазақ тіл білімі тарихындағы ерекше кезең болып саналады. Бұл кезеңде қазақ тілі орыс түркологтары тарапынан жүйелі түрде зерттеліп, өз дәуіріне сай алғашқы ғылыми пікір, тұжырымдар айналымға түсті. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысы белгілі дәрежеде қарастырылған бұл еңбектер М.Терентьев, Р.М.Мелиоранский, В.В.Катаринский [1-3] секілді т.б. түркітанушылар қаламынан туды. Бұл ғалымдар еңбектерінде қазақ тілі сөздері сол кезде жалпы түркологияда қалыптасқан жағдайға сай негізінен семантикалық принцип тұрғысынан таптастырылып, кей сөз табына қатысты ғана синтаксистік принцип қосымша қолданылды. Бұл еңбектерде синтаксистік белгі зат есім мен сын есімнің, сын есім мен үстеудің ара- қатынасына қатысты ғана ескерілді. Бұл түркологтар қазақ тілі сөздерінің негізінен зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, жалғаулық, септеулік, үстеу, одағай деп тоғыз сөз табына ажыратты. П.М. Мелиоранский ғана зат есім мен сын есімді бір сөз табы ретінде есім деп атап, сегіз сөз табын көрсетеді.

Қазақ тілі сөздерін түрлі тапқа бөлген бұл орыс түркологтары еңбектеріне ортақ жайт – сөз таптарын, олардың санын ғана атау қысқаша жасалу жолдары, түрленуі, бірқатар

мағыналық топ, категорияларын көрсете отырып, сөз таптарына анықтама бермеу, тіл білімі салаларының ара-жігі айқын ажыратылмағандығы, бәрінің орыс тілінде, орыс тіл білімі үлгісінде, орыс тілімен салыстыра жазылғандығы болды. Дегенмен бұл зерттеулердің өз кезеңі үшін айтарлықтай жетістік екендігін ешкім жоққа шығара алмайды.

Қазақ тіл білімінде сөз таптастыру теориясының дамуы барысында орыс туркологтары зерттеулерінен басталған бұл семантикалық бағыт ХХ ғасырдаң басында А.Байтұрсынов еңбегінде қазақ тілінде жалғасын тапты. Сол тұста қазақ халқының саяси-әлеуметтік, қоғамдық өміріне белсене арналасқан А.Байтұрсыновтың тіл біліміндегі еңбегі де айрықша болды. Ғалым қазақ тілі сөздерін мағыналық белгісіне қарай зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғау, одағай деп тоғыз топқа бөледі [2, 189 б.]. Қазақ тіл білімінің кейінгі дамуы барысында А. Байтұрсыновтың сөз таптарын жүйелеуі, негізінен, терминдерімен қоса көп өзгеріссіз сақталып қалды. Бұның өзі сөз таптастыруда ғалым басшылыққа алған семантикалы принципті түркі тілдері, қазақ тілі үшін қаншалықты маңызды екендігімен қатар А. Байтұрсыновтың тілші ғалым ретіндегі қайталанбас талантының дәлелі болды.

ХХ ғасырдың 30-жылдары Қ.Жұбанов бастаған жаңа лектің қазақ тіл біліміне келуі сөз таптастыру мәселесінің теориялық мазмұнын толықтырып, жаңа сатыға көтерді. Бұл тұста алғашқы арнаулы мақалалар жариялана бастады. Қазақ тілі сөздерін түрлі топқа жіктеуде сөздердің мағыналық жағымен қатар құрылымдық (формалық, сөйлемдегі қызметі) жағы да ескеріліп, семантикалық, морфологиялық, синтаксистік принциптер орныға бастады. Қазақ тіл біліміндегі бұл жаңа бағыттың негізін қалаушы Қ.Жұбанов сөз таптастырудың аталған үш принципін енгізуімен қатар, сөздердің семантикалық жағынан бір деңгейде орналаспайтындығы туралы терең теориялық қағиданы да тұңғыш айтқан ғалым болды [3, 231 б.]. С.Жиенбаев, С.Аманжолов, Т.Сауранбаевтар [4-6] да сол кездегі еңбектерінде қазақ тілі сөздердің таптастыруда сөздердің семантикалық, морфологиялық, синтаксистік белгісіне сүйенді. Бұл ғалымдардың бәрі сөз таптастыру принциптері жөнінде бір ауыздан семантикалық, морфологиялық, синтаксистік белгілерді атай отырып, тек қай принцип жетекші, қай принцип қосымша деген мәселеде ғана аздаған пікір ауытқулар білдірді. Осылайша, 30 жылдары қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру ісінде семантика-құрылымдық бағыт пайда болды.

Қазақ тіл білімінде 1940 жылдары басталған бір сөз табын жеке зерттеу нысанына айналдыру ісі де сөз табын жеке зерттеу нысанына айналдыру ісі де сөз таптастыру проблемасын шешу мәселесіне оң ықпалын тигізді. А.Ысқақовтың үстеуді, Ш.Ш.Сарыбаевтың одағайды, Р.Әміровтың жалғаулық, Ф.Кенжебаеваның септеулік және демеулік шылауларды, Ж.Шәкеновтың сын есімді, Ә.Хасеновтың сан есімді, А.Ибатовтың

есімдік. Б.Ш.Кәтембаеваның еліктеуіш сөздерді сөз табы ретінде зерттеген еңбектерімен қатар [5-7], әр сөз табының түрлі категориясын жеке зерттеу өзегі еткен ғылыми еңбектерде әрбір сөз табының семантикалық-құрылымдық табиғатын тереңірек тануға, сол арқылы олардың ара-жігін ажыратуға айқындық бере түсті.

1950 жылдар қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру теориясының дами түскен кезі болды. Сол кездерде жарық көрген арнаулы мақалалар, ұйымдастырылған пікірталас сөз таптастыру проблемасының сол тұста күн тәртібіне өткір қойылғандығын байқатады. Бұл ғалым да семантика-құрылымдық бағытты жалғастыра отырып, қазақ тіл біліміне 30 жылдары енген сөз таптастыру принциптерінің дами түсуіне ішінара үлес қосты. Автор морфологиялық межелеуіште негіздеу барысында жеке сөз табының морфологиялық белгісі ретінде сөз тудырушы жұрнақтардың да орнын белгіледі. А.Ысқақов сонымен қатар сөз таптастырудың синтаксистік межелеуішті негіздеуде белгілі сөз табының сөйлемдегі негізгі қызметін ашып көрсетті. Ғалым кезіндегі Жұбановтың идеясын жалғастыра отырып, сөздердің динамикалық сипатын ескеруді, оларды сөз таптастыра ажыратуда жүріп жатқан саралану үдерісін ескеруді ұсынды. Автордың алғаш рет еліктеуіш сөздерді одағай құрамынын ажыратып, жеке сөз табы ретінде негіздеуі де жаңалық болды.

А.Ысқақов сөз таптастыру теориясына қатысты жоғарыда айтылған ой-пікір, тұжырымдарын көп жылдар бойы түрлі еңбектерінде кеңейте түсіп, жариялап отыруы арқылы қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру ісін әрдайым назарда ұстап, оның бағыт-бағдарын белгілеп те отырды.

XX ғасырдың 1980-1990 жылдарында қазақ тіл біліміндегі сөздерді сөз табына жіктеу ілімін ғалым С.Исаев ілгерітті, бірқатар нақтылық енгізді, сөз таптастыру ілімінің ең негізгі ұғымдары грамматикалы мағына, грамматикалы форма, грамматикалық категория терминдерінің мәнін, бұл ұғымдардың табиғатын барынша ашты. Ғалым, мысалы, қазақ тілінің лексикалы қабаты мен грамматикалы қабаты деңгейіндегі құбылыстардың ара жігін ажыратып, орындарына қойды. С.Исаев бұл жіктеудің сөздердің таза лексикалық сипатына қарай ажырату екенін айтып, тілдің лексикалық сипатының сөз таптастыруға тікелей ешқандай қатысы жоқ екенін дәлелдеді. Ғалымның айтуынша, қазақ тілі сөздерін осылайша үш топқа бөлуде сөздердің морфологиялық белгілерінің еш қатыссыз, себебі атаулы сөздердің өзінің ішінде түрленетіндері де, түрленбейтіндері де бар, көмекші сөздер де дәл осындай сипатқа ие. Осыған байланысты сөздерді атауыш сөздер, көмекші сөздер, одағай деп бөлуге сөздердің морфологиялық болмысы ешқандай негіз бола алмайды. Автор осылайша сөздердің лексикалық сипаты мен грамматикалық сипатын сөздерді жоғарыдағыдай атауыш, көмекші, одағай деп ажыратуды тілдің лексикалық қабатына қатысты деп анықтайды. Зат есімнің

құрамында сөз табы ретінде көмекші есімдердің болуы, көмекші етістіктердің сөз табы ретінде етістік деп танылуы С.Исаевтың бұл тұжырымын толық дәлелдейді:

С.Исаев сөздерді сөз таптарына отыруда өте қажетті ұғым-грамматикалық мағынаны барынша нақтылап, анықтап берді, оны (грамматикалық мағынаны) түрлі сипаты ерекшелігіне қарай жалпы грамматикалық мағына, категориялық грамматикалық мағына, қатыстық грамматикалық мағына деп бөледі және сөз тобын ажыратудың үш межелеуіші негізінде осы үш грамматикалық мағына (семантикалық межелеуіші негізінде жалпы грамматикалық мағына, морфологиялық межелеуіш негізінде бар екенін дәлелдеді).

Тілдегі сөздерді сөз таптарына жіктеу күні бүгінге дейін лингвистикада үзілді-кесілді шешімін таппаған мәселелер қатарына жатады, оның "мәңгілік проблема" аталуы да тегіннен тегін емес. Сөз таптастырудың бұлайша түбегейлі шешімін таба алмау себебі, біріншіден, тіл-тілдегі сөздердің семантикалық-құрылымдық сипатының өте күрделі әрі әркелкі болуында жатыр. Мысалы, қазақ тіліндегі **алақай**, **қуаныш** сөздерін алып қаралық. **Алақай** сөзі сөйлеу процесінде адам эмоциясының бір түрін білдірсе, **қуаныш** сөзі сол эмоцияның атауы болып табылады. Осындай белгілі дәрежедегі семантикалық ортақтастықтарына қарамастан, екеуін екі сөз табына (*алақай* - одағай, *қуаныш* - зат есім) жатқызамыз. Сол сияқты, зат есімге жататын толық лексикалық мағыналы сөздер мен шылауларды да семантикалық жағынан бір қатарда қарап, бір өлшем тұрғысына сыйдыру оңай бола бермейді, сондықтан баяндалып отырған жайт сөз таптастыру мәселесінде өз қиыншылығын туғызады.

Сөз таптастырудағы, жеке сөз таптарын тани түсудегі қиыншылық, жоғарыда айтылғандай, сол сөз таптарының өз табиғатынан туындайтын болса, бірқатар қиыншылықтар оқулықтар мен жеке зерттеулердегі сөз таптастыру туралы, жеке сөз таптары туралы кейбір пікір қайшылықтарына байланысты болып отыр. Соның бірі одағай сөздерге байланысты.

А.Байтұрсыновтың басқа сөз таптарына ат бергенде ғалымның олардың семантикалық белгісіне баса назар аударғаны байқалса (мысалы, зат есім, сан есім, сын есім, шылау, т.б.), **одағай** терминінің осы сөз табының семантикалық сипатынан гөрі синтаксистік сипатын көбірек ашатындығы көрінеді. Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде одағай сөзі туралы төмендегіше мәлімет беріледі: **Одағай, сын. Ебедейсіз, қолапайсыз.** Қайлаға дағдыланған жуан саусақтары жіңішке қарындашты қосымғандай **одағай** ұстап ауыр қозғалады (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Әйелінің мінезі неткен **одағай** (А.Жағанова, Еркежан). А.Байтұрсынов та одағай сөздердің сойлемнің грамматикалық құрылысына кірікпей, жымдаса алмай оқшау тұратын ерекшелігіне байланысты сол терминді таңдаған болса керек. "Одағай дейміз - одағайланып, оңашаланып айтылатын сөздерді - дейді ғалым [2, 261 б.]. Қазақ тілі білімінің кейінгі дамуында одағайды көбінесе осылайша синтаксистік қыры арқылы тану басым бағыт алып, орнықты. Одағайды зерттеу нысаны еткен белгілі ғалым

Ш.Ш.Сарыбаевтың да **ассалаумағалейкум, кұп, ләббай, хош** т.б. сөздерді одағай қатарына жатқызуы да дәл осы тұжырым тұрғысынан келгендігін көрсетеді [10, 455 б.].

Әдебиеттерде одағай сөздер негізінен адамның көңіл-күйімен байланысты сөздер екендігі айтыла отырып, іштей мағыналық топтарға ажыратылады. Мысалы, А.Ысқақов "көңіл-күй одағайлары және ишарат одағайлары" [9, 181 б.], Ш.Ш.Сарыбаев "көңіл-күй одағайлары, императивтік одағайлар, тұрмыс-салт одағайлары" [10, 454 б.], Ә.Төлеуов "көңіл-күй одағайлары, императивтік одағай, малға бағышталып айтылатын одағайлар, тұрмыс-салт одағайлары" деп бөледі [13, 117 б.].

Одағай сөздерді негізінен осылайша синтаксистік белгісі арқылы танудың бір әсері оқшау сөз категориясын айқындау мәселесіне де тиіп отыр. Әдебиеттерде оқшау сөз түрлері төмендегіше анықталады:

1. Қаратпа сөз
2. Қыстырма сөз
3. Одағай [14, 213 б.]

Біздіңше, морфологиялық категория - сөз табы болып табылатын одағайды сол атауымен апарып, синтаксистік категория болып табылатын оқшау сөздің бірі ретінде қаратпа, қыстырма сөздермен бір қатарда қарауға болмайды, бұл морфология мен синтаксис шекарасын ажыратуда қолдан жасалған қиындық болып табылып, осы мәселеде екіұштылық тудырады. Сондықтан, біздің ойымызша, одағайды оқшау сөздің үшінші бір түрі ретінде тануды тоқтатып, оқшау сөзді екіге ғана ажырату (қаратпа және қыстырма) дұрыс болмақ. Бұған толық негіз бар: біріншіден, осы мәселедегі жоғарыда айтылған морфология мен синтаксис аражігіне қатысты екіұштылық жойылады, екіншіден, одағай сөздер табиғатын тани түсуге қосымша мүмкіншілік ашылады. Сонда одағайды морфологиялық категория - сөз табы ретінде тани отырып, соның синтаксистік қабілетін айқындай түсеміз, яғни сөз табы - одағай сөйлемде модаль сөздер секілді қыстырма сөз ретінде де (көңіл-күй, императивтік, тұрмыс салт одағайлары), қаратпа сөз ретінде де (жан-жануарларға бағышталып айтылатын одағайлар) жұмсалына алатындығы анықталады. Ал, **одағай** термині өзінің сөз табы атауы ретінде қала береді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Терентьев М. Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская / М.Терентьев. - СПб.: Тип.имп.АН, 1875. – С. 217-219.
2. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка / П.М. Мелиоранский. - СПб.:Тип.исп.АН., 1875.- 72 с.

3. Катаринский В.В. Грамматика киргизского языка / В.В.Катаринский. – Оренбург: Тип.к.Бреслина, 1987.-196 с.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы / А.Байтұрсынов. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 57 с.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер / Қ.Жұбанов. – Алматы: Ғылым, 1999. –82 б.
6. Жиёмбаев С. Грамматикалық категориялар туралы / С. Жиёмбаев // Халық мұғалімі. - 1936. - №5 (7). – Б. 36-41.
7. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы / С.Аманжолов. – Алматы: Санат, 1994. -320 б.
8. Сауранбаев Т. Қазақ тіліндегі сөз таптары және олардың таптастырылуы туралы / Т.Сауранбаев // Халық мұғалімі. - 1939. - №2(8). – Б. 67-77.
9. Исаков А. Наречие в современном казахском языке / А.Исаков. - А-Ата: Дисс.на соис.канд.фил.наук., 1953. – 97 с.
10. Сарыбаев Ш.Ш. Междометие в казахском языке / Ш.Ш.Сарыбаев. - А-Ата: Дисс. на соис.канд.фил.наук., 1953. – 86 с.
11. Сарыбаев Ш.Ш. Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер / Ш.Ш.Сарыбаев. – Алматы: Ғылым, 1960. – 158 б.
12. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі / А.Ысқақов.-. Алматы: Мектеп, 1991. – 384 б.
13. Төлеуов Ә. Сөз таптары / Ә.Төлеуов. – Алматы: Мектеп, 1982. – 106 б.
14. Қазақ тілінің грамматикасы. 1 бөлім. - Алматы: Ғылым, 1967. – 95 б.
15. Қазақ тілінің грамматикасы. 2 бөлім. - Алматы: Ғылым, 1967. – 72 б.

### References

1. Terentyev M. (1875). Grammatika turetskaya, persidskaya, kirgizskaya i uzbekskaya [Turkish, Persian, Kyrgyz and Uzbek grammar]. SPb.: Tip imp. AN, 217-219 [in Russian].
2. Melioransky P.M. (1875). Kratkaya grammatika kazak-kirgizskogo yazika [Brief grammar of the Kazakh-Kyrgyz language]. SPb.:Tip.isp.AN [in Russian].
3. Katarinsky V.V. (1987). Grammatika kirgizskogo yazika [Grammar of the Kyrgyz language]. Orenburg: Tip.k. Breslina [in Russian].
4. Baitursynov A. (1992). Til tagylymy [Language lessons]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
5. Zhubanov K. (1999). Qazaq tili jonindegi zertteuler [Research on the Kazakh language]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
6. Zhiembaev S. (1936). Grammatikalyk kategoriyalar turaly [About grammatical categories] Halyk mugalimi, №5, 36-41 [in Kazakh].

7. Amanzholov S. (1994). Qazaq adebi tili sintaksisinin kyskasha kursy [A short course on the syntax of the Kazakh literary language]. Almaty: Sanat [in Kazakh].
8. Sauranbaev T. (1939). Qazaq tilindegi soz taptary jane olardyn taptastyrylyuy turaly [On word classes in the Kazakh language and their classification] Haluk mugalimi, №2 (8), 67-77 [in Kazakh].
9. Iskakov A. (1953). Narechie v sovremennom kazahskom yazyke [Dialect in the modern Kazakh language]. A-Ata: Diss.na sois.kand.fil.nauk [in Kazakh].
10. Sarybaev Sh.Sh. (1953). Mejdometie v kazahskom yazyke [Intersection in the Kazakh language]. A-Ata: Diss.na sois.kand.fil.nauk [in Kazakh].
11. Sarybaev Sh.Sh. (1960). Qazaq tilindegi elikteuish sozder [Imitative words in the Kazakh language]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
12. Iskakov A. (1991). Kazirgi qazaq tili [Modern Kazakh language]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
13. Toleuov A. (1982). Soz taptary [Word classes]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
14. Qazaq tilinin grammatikasy [Grammar of the Kazakh language]. (1967). 1 Bolim -Part 1, Almaty: Gylym [in Kazakh].
15. Qazaq tilinin grammatikasy [Grammar of the Kazakh language]. (1967). 2 Bolim -Part 2, Almaty: Gylym [in Kazakh].

## МЕЖДОМЕТИЕ И ОБОСЛОВЛЕННЫЕ СЛОВА

**С.С. Мухтаров**

Актыбинский региональный университет им.К. Жубанова, Актобе, Казахстан

e-mail: fakultet\_prof\_tvor@mail.ru

**Аннотация:** В статье рассматривается проблема классификации частей речи, которая является одной из наиболее актуальных и запутанных проблем казахского языкознания. Автор проведя краткий обзор истории классификации частей речи, с позиции нынешних достижений классификации частей речи всесторонне обосновывает и всячески доказывает всю противоречивость рассматривания части речи – междометий, являющейся по сути объектом морфологии, в рамках одного из видов обособленных слов, которые являются объектом изучения синтаксиса. Проблема, рассматриваемая в статье является проблемой, нуждающейся в доказательстве и введения в научный оборот. Несмотря на то, что по теории классификации частей речи, выдвинутые учеными-лингвистами, изучавшие части речи, доказано, что междометия – отдельная часть речи, в основных синтаксических учебниках, так и в отдельных работах междометие, как синтаксическая категория представляется своеобразным обособленным словом, и эта концепция продолжается и по сей день. Это приводит,

прежде всего, к неумению разграничивать области морфологии и синтаксиса, не к выявлению проблемы, а наоборот к ее усложнению, к неоднозначности как в исследовании, так и в процессе обучения, сводит все результаты исследований на нет. В статье все указанные противоречия всесторонне раскрываются, решения проблемы всячески обосновываются. Важность статьи отражается в ее новизне.

**Ключевые слова:** междометие, обособленные слова, части речи, морфология, синтаксис, семантика.

## INTERJECTION AND SPOKEN WORDS

**S.S. Muhtarov**

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

e-mail: fakultet\_prof\_tvor@mail.ru

**Abstract:** The article deals with the problem of speech parts' classification, which is one of the most urgent problems of Kazakh linguistics. After a brief review of the history of classification of speech parts, the author comprehensively justifies and proves in every possible way the inconsistency of considering a part of speech – interjections, which is essentially the object of morphology, within one of the types of verbalized words that are the object of syntax study. The problem considered in the article is a problem that needs to be proved and introduced into scientific circulation. Despite the fact that according to the theory of classification of speech parts, put forward by linguists who studied parts of speech, it is proved that interjections are a separate part of speech, in the main syntactic textbooks, and in individual works, interjection, as a syntactic category, is a kind of separate word. This leads, first of all, to the inability to distinguish between the areas of morphology and syntax, not to identify the problem, but rather to its complication, to ambiguity both in research and in the learning process. All these contradictions are resolved in the article.

**Key words:** interjection, verbalized words, parts of speech, morphology, syntax, semantics